

Бағалы металдарға байланысты қатынастарды реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 9 шілде N 277

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995

жылғы 17 сәуірдегі N 2200

Z952200_

Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат):

9-баптың 1-тармағының 27) және 33) тармақшалары алып тасталсын.

2. "Валюталық реттеу туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы

Қазақстан Республикасының Заңына

Z960054_

(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 20-21, 404-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат):

13-бапта:

2-тармақтағы "Құйма түріндегі алтынды қоспағанда, басқа" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақ алып тасталсын.

3. 1997 жылғы 16 шілдедегі

K970167_

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат):

210, 211 және 212-баптар алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.

Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК